



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Созақ аудандық мәслихаты  
**ШЕШІМ**  
21.09.2022 ж №21

## Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырманшы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырманшы сессиясы 2022 жылғы 30 қыркүйекте, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы **Б.Байғараев**

## Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырманшы сессиясы 2022 жылғы 30 қыркүйек, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 30 қыркүйекте, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 30 қыркүйекте, сағат 10.00-де өткізіледі.

### Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №74 «2022-2024 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат хатшысы

**Б.Байғараев**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 27 қыркүйек күні сағат 11:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді. Қоғамдық кеңестің күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады.

1. Созақ ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схема), елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы.

2. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 27 қыркүйек күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы:

**М.Сапаров.**

20 қыркүйектің басты оқиғасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 77-сессиясының Жалпы дебаты болды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Facebook парақшасында жазды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған шарада сөз сөйлеп, бірнеше жаһандық өзекті мәселені көтерді.

«Президент өз сөзінде бұрыннан қалыптасқан әлемдік қауіпсіздік жүйесін қалпына келтірудің, территориялық тұтастықты сақтаудың, елдердің егемендігін



## Президент АҚШ-қа сапарының екі күнінде 27 кездесу өткізді

құрметтеудің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Азық-түлік жөніндегі жаһандық саммитке де қатысып, сөз сөйледі. Президент әлемдік нарықтағы Қазақстанның рөлін аттыруға бағытталған бірнеше ұсыныс айтты. Ол еліміздің астық және басқа азық-түлік түрлерін тұрақты жеткізуіне, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға қатысты болды.

Жалпы, биылғы шетелдік са-

парларда Президент ең жиі көтерген мәселенің бірі - көлік-логистика мәселесі. Яғни, бүгінгі күрделі геосаяси жағдайға қарамай отандық тауарларды әлемдік нарыққа шығарудың жаңа жолдары үнемі қарастырылып жатыр. Себебі бұл ел экономикасына тікелей ықпал ететін маңызды фактор», деп жазды Руслан Желдібай.

Бұдан бөлек, бүгін Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен, Еуропалық Кеңестің Президенті Шарль Ми-

шельмен, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйенмен, Австрия Президенті Александер Ван дер Белленмен, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің Президенті Питер Маурермен кездесіп, екіжақты мәселелерді талқылаған.

Сондай-ақ Иордания Королі II Абдалламен, Қатар Әмірі Тамим бин Хамад Әл Танимен әңгімелесті.

Жалпы, Президент соңғы екі күнде 27 кездесу өткізіп, 3 ірі шараға қатысқан.

## Сұранысқа ие медициналық мамандықтарға грант саны артады

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен бүгінгі Үкімет отырысында «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын іске асыру барысы талқыланды, деп хабарлайды Egemen.kz.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында Ұлттық жобаның іс-шараларын іске асыру халық денсаулығының негізгі көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік бергенін хабарлады. Мәселен, қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 21,4%-ға, қатерлі ісіктерден 8,7%-ға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан 23%-ға және туберкулезден 12%-ға төмендеді. Халықтың жалпы өлім-жітімі 15,5%-ға азайды.

Өткен кезеңде күрделі және жоғары технологиялық медициналық қызметтердің 80 түрі бойынша 18 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Онкологиялық көмектің сапасын арттыру үшін Гамма-пышақ және ядролық медицина орталықтары жұмыс істейді, онда 300-ден астам операция жасалды және 400-ге жуық пациент емделді.

Ажар Финияттың айтуынша, жалпы ауылдық елді мекендерді медициналық-санитарлық алғашқы көмекпен және диагностикамен қамту жоспар бойынша 47% болғанда, 49%-ға дейін жеткізілді. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық деңгейдегі медициналық көмектің көлемі 56%-ға дейін жеткізілді.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.

## Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы

2022 жылғы 21 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУ-ЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2022 жылдың 20 қарашасына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін уақытында жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.Тоқаев**

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 21 қыркүйек

## Таукент кенті округі әкімі қызметіне кірісті

2022 жылдың 18 қыркүйек күні өткен Таукент кент округі әкімінің сайлау қорытындысына сәйкес Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының



2022 жылғы 18 қыркүйек күнгі №118 шешімімен Маманов Серік Сахиұлы Таукент кенті округінің әкімі болып тіркеліп, қызметіне кірісті.

Жаңадан сайланған кент округ әкімін, Таукент кенті әкімі аппаратының ұжымына, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков таныстырды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Серік Мамановтың қызметіне сәттілік тілеп, кенттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Маманов Серік Сахиұлы 1982 жылы Созақ ауданы, Шолақорған ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Отбасылы.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Қайырымдылық – қанат қақтырады!

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», — дейді дана халқымыз. Қайырымдылық - адамзат бойындағы ерекше бір қасиет. Ізгіліктің, адамның - адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін арттыратын дүние.

Жақсылық жасау - имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» — деген халқымыздың игі дәстүрі ауданымызда қалыпты түрде жалғасып келе жатыр.

Бүгінде, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ Қаратау ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі маманы Саулет Әбіласанұлының ұйымдастыруымен Қаратау ауылдық округінің ерікті жастарының демеушілігімен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға бір (1) айлық азық түлікпен және қаржылай көмек көрсетілді.

Ауылдың ерікті жастарына Алла разы болсын, дейміз. Иә, арамызда қайырымды жандар көп болғай!

«Созақ үні»-ақпарат.

## КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында кезекті аппарат мәжілісі өтті. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен өткен жиында бірнеше мәселе қаралды. 18 қыркүйек күні Сарыарқа төрінен «Ұлы Дала Жорығы» атты республикалық марафон-бәйге басталған болатын. Астана қаласынан – Түркістанға дейін 1200 шақырым жолды жүріп өтетін марафон-бәйгеде еліміздің облыстарынан жасақталған 20 команда, 100 шабандоз қатысады. Сайыста шабандоздар



Созақ ауданынан жүріп өтеді. Сайын даланы ат тұяғымен дүбірлетіп шабандоздарды күтіп алу, оларды Түркістан қаласына шығарып салуды ұйымдастыру мәселесі талқыланды.

«Қазақ ат үстінде өскен халық. Бұрын соңды мұндай бәйге елімізде ұйымдастырылмаған. Елордадан шыққан шабандоздар біздің аудан арқылы өтеді. Осындай үлкен шараны лайықты дәрежеде өткізуіміз керек, - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Мәжіліс барысында ауыл шаруашылық саласы бойынша 8 айдың қорытындысымен атқаралған жұмыстар туралы бөлім басшысы Қайырбек Мейірманов баяндама жасады. Сондай-ақ аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, қаржының игерілуіне қатысты хабарлама жасады.

Аудан басшысы алда тұрған міндеттер туралы салалық бөлім басшылары мен ауыл, кент округ әкімдеріне тапсырма берді.

## 10 ҮЗДІК ОҚУШЫҒА «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен 2020 жылдан бастап «Ел Үміті» бағдарламасы аясында «Елбасы Медалі» жобасы жүзеге асырылып келеді.

Білім көкжиегін кеңейтіп, таңымын арттыруға ұмытылған жастарға арналған «Елбасы медалінің» биылғы иегерлері

рын бөлісті. Ойларын ортаға салды.

«Елбасы медалін» Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы күміс медаль иегері Тұран Өсер Мырзабекұлы алды. Қола медаль иегерлері С.Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Абдіразақ Айдана Бекарыстанқызы, Т.Момбеков



анықталды. Үздіктердің қатарында көрінген ауданның 10 оқушысы мен жасына «Елбасы медалін» аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков салтанатты түрде табыстады.

«Сіздерді өмірлеріңіздегі ерекше сәтпен құттықтаймын. Қазіргі заманда оқуға, білімдеріңді арттыруға барлық жағдай жасалған. Бұл жоба өскелең ұрпақты қолдауға және ынтылдандыруға арналған. Алдағы уақытта осы бақытта ізденіп, елге пайдалы білімдеріңді тереңдетіп, дағдыларыңды дамытып, халыққа қызмет етеді деп сенемін, - деді аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы.

Кездесу барысында оқушылармен еркін форматта әңгімелесіп, олардың сауалдарына жауап берді. Қызықты өткен кездесуде оқушылар аудан әкіміне алдағы жоспарла-

«Созақ үні»-ақпарат.

## Түркістанда жерленген Абылай хан әулеті жайлы не білеміз?

отырып былай деп жазады:

«Қытай елшілері Абылай ханмен кездесуінде мынадай естелік қалдырады: «8-ші айдың 25-і күні Абылайдың бастауымен Атбасардағы Есіл өзені бойынан аттандық. 9-шы айдың 7-сі күні Көксеңгірге жеткенде Абылайдың үйінен екі мәрте хабар келіп, бәйбішесінің хәлі нашарлап жатқанын жеткізді. Хан «отбасының жағдайы сонша маңызды емес қой. Үйімде болғанда да өлейін деп жатқан адамды тірілте алмаспын. Оған қарағанда Боғда Ежен ханмен арадағы іс маңыздылау. Сендерді ел шетіне шығарып салған соң қайтармын» деді де, бізді бастап сапарды әрі жалғады. Сонан соң тағы бір хабаршы келіп, Абылайдың үйіне қайтуын жөн көрді. Хан бұрынғысынша назар салмады. Біз ол кісіні тоқтатып: «Сіз істің бәрін орны-орнына қойып болдыңыз ғой. Қайта беріңіз» дедік. Хан: «Ендеше «жол ортада тастап кетті» демедер. Мұндай қиын жағдайда шарасыз болып тұрмын. Бәйбішемнің бойында әлі жаны бар болса дәрігерге көрсетермін. Мен

Жеткенше қайтыс болса, міндетті түрде үлкендеріміз жатқан Түркістан жеріне апарып жерлеймін» деп қоштасқан. Осындай деректерге қарап Абылайдың бәйбішесінің Түркістанға жерленгенін болжауға болады. Тарихта Абылай ханның 12 әйелі болғаны белгілі. Бәйбішесінің есімі Қарашаш. Оны міндетті түрде Түркістанға апарамын дегеніне қарағанда оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жатқанына күмән болмаса керек.

Ясауи кесенесінде жерленген Абылай әулетінің келесі өкілі – қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошу мерген ноянның қызы Топыш ханымнан туған Қасым сұлтан. Қасым сұлтанның туған жылы белгісіз. Қасым сұлтан бар ғұмырын Ресей империясына қарсы күреске арнады.

Абылай ханның отыз ұлының ішіндегі кенжесі Қасым сұлтанның екі әйелі болған. Бәйбішесінен (Айкүмістен) алты ұл: Саржан, Есенкелді, Ағатай, Бопы, Кішік және Кенесары, ал, тоқалдан жалғыз Наурызбай туған. Қасым сұлтанды қоқандықтар кездесуге алдап шақырып, тұтқын етіп Түркістанда ұстайды. Ол осы жерде сырқаттанып, 1840 жылы қыркүйекте дүние салады. Туысқандарының айтуымен Әзірет Сұлтан кесенесінің ішіне Абылай хан қабірінің жанына жерленеді.

Кенесарының әпкесі Бопай ханымның жерленген орны ретінде бірнеше жер аталады. Қазақ халқы туралы зерттеулер жазған Н.Балкашин өз еңбегінде бір топ атақты тұлғаның қабірі жайлы мәліметтер

келтіреді. Онда Кенесарының әпкесі Бопай ханымның да Қожа Ахмет Ясауидің кесенесінде, әкесі Қасымның қасында жерленгенін жазады.

Бопай жастайынан сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Ол інілері Кенесарымен, Наурызбаймен бірге Ресей отаршылдарына және Қоқан хандығына қарсы күрескен. Кесенеге жерленген әйел адамдардың соңғысы Бопай ханым болуы мүмкін. Бопай ханымның қай жылы қайтыс болғаны

белгісіз. 2012 жылы 9 ақпанда Ғылыми Кеңестің шешімімен Бопай ханым Қасымсұлтанқызы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленгендер тізіміне қосылған.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығында Абылай хан есімін ұлықтау мен насихаттау жұмыстары жалғасып келеді. 2011 жылы Абылай ханның 300 жылдығы қарсаңында «Абылай хан» атты кітапша жарық көрді. Одан бөлек 2020 және 2021 жылдары шыққан «Түркістанда жерленген хандар мен сұлтандар», «Түркістанда жерленген билер» атты ғылыми-танымдық еңбектердің де қазақ тарихына қосқан үлесі орасан зор. Музей қорындағы Абылай ханның Жауғашты батырға сыйға берді деп айтылатын киіз үйдің босағасы, Абылай ханның замандасы, қол бастаған Қабанбай батыр ұстаған қанжар (сапы), Хан ордасынан табылған археологиялық жәдігерлер қазақ хандығы тарихынан сыр шертетін жәдігерлер.

Мұрат ТАСТАНБЕКОВ,  
«Әзірет-Сұлтан» музей-қорығы директорының орынбасары.

# Жастарға қамқорлық көрсетіледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын ерекше ықыласпен оқып шықтым. Президент сөзін «Биыл біз жаңа кезге қадам бастық» деп бастады. Расында да, мемлекетіміз жаңа бір кезеге, жаңа бір белекке қадам басып отыр.

Мемлекет басшысы әр Жолдауында білім саласын назардан тыс қалдырған емес. Биылғы Жолдауында да Қасым Жомарт Кемелхлы білім саласындағы өзекті мәселелердің түйінін тарқату жолын айтты.

Жоғарғы оқу орнындағы білім саласын арттыру бойынша да тапсырмалар берді.

«Білім алуға жылдық 2-3 пайызбен жеңілдетілген несие беріледі» деген үлкен жаңалық болды. Президент айтпақшы, бұл шаралар жоғарғы білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік пен жауапкершілік қағидаларын нығайта түседі.

Президент өз Жолдауында студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін де атап, оны шешу механизмін айтып өтті.

Мемлекет басшысының Жолдауынан кейін жастарға деген көмек одан сайын жандана түспек. Бұл мемлекетіміздің ел ертеңі жастарға деген қамқорлығын білдірсе керек.

**Ернұр ҚАЛХАНОВ,  
М.Әуезов атындағы мектептің  
мүғалімі.**

# Жұмыла жұмыс жасауымыз қажет

Ия, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелхлы Тоқаевтың ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған Жолдауынан халықтың күткені көп болды. Өзім де бұл Жолдауды аса қызығушылықпен бастан аяқ тыңдап шықтым. Жолдау «Жаңа Қазақстан» жасақтауға жасалған тағы бір нық қадам болды. Бірінші, жастарға қолдау күшейді. Келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беріледі.

Екінші, әйелдердің зейнеткерлік жасы туралы. Яғни, аналарымыз бен апаларымыздың зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде сақталады. Бұл мәселе қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселе екені белгілі.

Келесі, рақымшылық. Президент бұл Жолдауда Қаңтар оқиғасында ұсақ бұзақылық жасап істі болғандарға рақымшылық жасады. Бұл рақымшылықтың ауыр қылмыс немесе мемлекетке сатқындық жасауға таппынғандарға қолданбайтынын Президент өзі атап өтті.

Тағы бір мәселе, «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасын іске қосу. Бұл да көптің көкейіндегі мәселелердің бірі болатын. Бәріміз де ұрпақ есіріп отырмыз. 2024 жылдан бастап балаларымызға арнайы шот ашып, олардың жарқын болашағы үшін мемлекеттің инвестициялық табысынан қаражат түсіп отырады. Керемет жаңалық!

Жалпы бұл жолғы Жолдаудың мән-маңызы айрықша. Барша Қазақстандықтарды елдің ертеңіне алаңдаған Президентіміздің жаңа бастамаларына қолдау білдіріп, жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарап және оның орындалуына бірлесіп атсалысуға шақырамын.

Жаңа Қазақстанға, Әділетті Қазақстанға нық қадаммен аяқ басайық!

**Құрманбай НҰРМАНҰЛЫ.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауымен «Созақ үні» газеті ұжымының кәсіподақ мүшелері кеңінен танысты. Сондай-ақ бір ғимаратта тұратын Мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподағы Созақ аудандық комитетінің төрағасы М.Асқаров, аудан әкімдігі ішкі саясат, статистика бөлімі қызметкерлері де Жолдауды қолдау шарасына бірге қатысты. Жолдауда Президент кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау. Бұл жұмыста бәрін басынан бастап реттеу керек. Тапсырма екі жылдан бері орындалмай келеді. Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн. Мұндай тәсілді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толық енгізу қажет. Келесі мәселе. Мемлекет

тіруге баса мән берген жөн. Соның бірі—қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр-деп тиісті салларға нақты тапсырма жүктеді.

Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп өкіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл — үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті. Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын. Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайда-

бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалып тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек. Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн. Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жасау қажет. Еңбекқанын нарықтағы жағдайға сай есіру — халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең

# Кәсіподақ мүшелері Жолдауды қолдайды

қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекқанын төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл — негізгі талап. Сонымен қатар, мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе енгізіледі. Мемлекеттік сатып алудың мүлде жаңа жүйесі жасалады. Бағаның төмен болуы ғана емес, тауарлар мен қызметтердің сапасы басты назарда болады, деді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамыту — негізгі проблеманың бірі-дей отырып осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл — стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалыуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек. Шаруалардың өзара ұжымдасуы ауыл шаруашылығын дамытуға жол ашып отыр. Біз осындай пилоттық жобаны жүзеге асырыдық. Оған қатысқан ауыл шаруашылығы кооперативтерінің егіні екі есе артық өнім берген. Ал, мал басы шамамен 25 пайызға көбейген. Әр өңірдің ерекшелігін ескере отырып, оң тәжірибені бүкіл елге біртіндеп тарату қажет. Бұл салада озық технологиялар тапшы. Қазір ауыл шаруашылығына арналған жер туралы толыққанды ақпарат жоқ. Жердің құнары, су ресурсы мен суару жүйесі және оның жолдары жайлы мәліметтер жан-жақта шашырап жатыр. Цифрлық платформа осының бәрін бір жерге жинақтайды. Тұтастай алғанда, еліміздің агроөнеркәсіп кешені келесі жылдан бастап жаңа әрі тұрақты ереже бойынша жұмыс істеуі қажет. Игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі комиссияның қызметіне жеке тоқталғым келеді. Комиссия жұмысының аясында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды. Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Еліміздің басты құндылығы — адам. Бұл — айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру — реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де маз емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан, аса маңызды мәселелерді ретке кел-

ланған жөн. Медицина — инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет. Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған. Бүгінде еліміздегі 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды. Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Сонымен қатар, телемедицина бағытын дамытамыз. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады. Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді. Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді. Келесі маңызды мәселе — білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады, деп ел ертеңіне алаңдаушылық білдірді. Қазақ «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өзі ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешінің аттестациялау қажет, — деген сөзі ата-аналар үшін де, балалар үшін де зор жетістік болар еді деп ойлаймын. Сонымен қатар, Жолдауда Президент: «Орта білімнің сапасы — табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің

төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді. Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғырттамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді. Сондай-ақ, әлеуметтік талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз. Жастарға жан-жақты қолдау көрсету — мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастырумыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді, — деп батыл бағдарларды нұсқады.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналды. Біз Ата заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл — құрөземес. Бұл — барлық реформаның арқауы.

Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықты игілігін көруі керек. Сондықтан, Президент жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор — балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды болмақ. Президент кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы қажет. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскекең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек, деп атап көрсетті. «Созақ үні» газеті ұжымының кәсіподақ ұйымы байыпты бастамаларды қуана құптады» Газетте еңбекті қорғау, уақтылы еңбек демалысына шығарып салу керек, мерекелік сыйақы, жұмыс уақыты, қызметкерлердің жұмыстан тыс уақыттағы мәдени еңбек демалысы, газет басылымы мен кәсіподақ ұйымының басты назарында. Әрі тұрақты осы мәселелер күн тәртібінде тұра берді.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,  
«Созақ үні» газеті кәсіподақ  
ұйымының төрағасы.**

Шу совхозы Қаз ССР Министрлер Советінің 1961 жылғы 14 маусымдағы №406-шы «Шөп және шөлейт аймақтарды игеру туралы» Қаулысын басшылыққа ала отырып 1962 жылы 20 қаңтардағы №45-ші Қаулысына сәйкес Тасты кеңшарының №3 «Ірі қарамал» фермасынан бөлініп шығып, Шу совхозы болып құрылған. Бұл аймақта совхоз құрылымы болмаған. Шу ауыл әкімдігінде Шу, Төретөген деген екі елді мекен бар.

Ауыл әкімдігіндегі отбасылар саны 146, халық саны 984. Ауылда бір орта мектеп, бір емхана, бір бала бақша, бір ауылдық клуб, бір кітапхана, бір пошта бөлімшесі, бір байланыс бөлімшесі, бір мешіт бар.

Кезінде Шу ауыл кеңесінде, Шу ауыл атқару комитетінің төрағалары және кеңшар директорлары болып қызмет атқарғандар туралы деректерге назар аударсақ.

Ауылдық кеңестің төрағалары болып алғаш Әділова Шәмшия (1962-76 жыл-



Аудан әкімі Шу бойында

кәсіпорындармен, жеке тұлғалармен келісім шарт түзе отырып тапсырыстар қабылдаса тиімді болар еді.

Үшіншіден Шу бойынан түрлі бау-бақша өнімдерін, азықтық дақылдар, картоп егіп, күзгі өздеріне керекті өнімдерді жинап алуларына айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Мысалы, шөлге, шыдамды мақсары дақылын өсіруге, оның өнімін алып ұқсатуға әбден болады,-дейді мамандар. Бұл біріншіден өндірілген шикізат өнімін тікелей тиісті май шығаратын кәсіпорындарға өткізуге болады. Екіншіден, өзіміздің ауданда өнімді өндіре алатын жағдай болса мақсары мал азығын дайындауда мол өнім беретін дақыл болып саналады. Оның құрамында мал денсаулығы мен оның жақсы салмақ қосуына қажетті түрлі амин қышқылдары, протеин, дәрумендер мол болғандықтан төрт түлікке таптырмас азық саналады.

Шу ауыл округінде соңғы жылдары мал басы көбейген. Атап айтқанда, мал басы мүйізді ірі қара 1094, майда мал-

# Шу совхозы қалай құрылды?

дар), Әділов Тілеубай (1976-1986 жылдар), Ақылбаев Төлен (1986-1989 жылдар), Белхожаев Жомарт (1989-1992 жылдар), Тілеубергенов Құдайберген (1992-1993 жылдар) жұмыс атқарған.

Кеңшар директорлары болып Бөрістанов Жақсылық (1962-65 жылдар), Шаймерденов Бабажан (1965-1973 жылдары), Жұмашов Совхозбек (1973-76 жылдары), Ерімбетов Жұмаділ (1976-82 жылдары) Түкібаев Тіләш (1982-87 жылдары), Тілеубергенов Құдайберген (1987-92 жылдары), Таңатов Батырхан (1992-95 жылдары) Шойбеков Жарас (1995-1998 жылдар) қызмет атқарған. Партия ұйымының хатшылары Исаев Байыш (1962-64 жылдар), Оспанов Әбілхайыр (1964-66 жылдар), Мұқанов Ақшал (1966-73 жылдар), Бидәулетов Рысбек (1973-76 жылдар), Тұрымбеков Карл (1976-79 жылдар), Түкібаев Тіләш (1979-82 жылдар), Қалқаманов Төкен (1982-84 жылдар), Мұсабеков Сағынтай (1984-86 жылдар), Бергазиев Өскен (1986—91 жылдар).

Кәсіподақ комитетінің төрағалары Сүлейменов Құдірет (1962-64 жылдар), Тасмағанбетов Сатыбалды (1964-69 жылдар), Өмірзақов Сабыр (1969-74 жылдар), Қатбаев Жұпарбай (1974-85 жылдар), Тұралиев Қасыбек (1985-88 жылдар), Дастанов Бейсенбі (1988-96 жылдар).

Комсомол комитетінің хатшылары Таңсықбаев Болат (1962-78 жылдар), Дастанов Бейсенбі (1978-86 жылдар), Әшіров Серік (1986-88 жылдар), Жүсіпов Ерлан (1988-90 жылдар), Алдашов Нұрлан (1990-91 жылдар).

Ауыл әкімдері болып Тілеубергенов Құдайберген (1993-1994 жылдары), Кетпенов Мұхамедия (1994-1999 жылдары), Жандәулетов Шарап (1999-2002 жылдары), Дастанов Бейсенбі (2002-2017 жылдары), Тілеулинов Манас (2017-2019 жылдар) 2019 жылдан Досымбеков Данияр ауыл әкімі болып қызмет атқарып келеді.

**Ал еңбекшілері депутаттары Созақ аудандық советі атқару комитетінің қараы:**

**Шолаққорған селосы. №48 11 марті 1964 жыл.**

**Жаңа ұйымдасқан Шу совхозының селолық советінің құру туралы.**

Қазақ ССР Министрлер Советінің 20 январь 1962 жылғы №45 санды қаулысы бойынша бұрынғы ескі Тасты совхозының тың жерлерді игеруге байланысты жаңадан Шу қаракөл совхоздарын бір ғана Тасты селолық совет қамтып келді. Екі совхоздың елді пункттерінің ара қашықтығының шалғайлығынан Совет көпшілік ұйымдастыру жұмыстары мен мәдени тұрмыстық қызмет көрсетуге өте қолайсыздық жасауда.

Тың жерге жаңа ұйымдасқан Шу совхозының шаруашылық перспективасы мен қашықтығын және жаңадан елдің қоныстануының жылдық өсуін ескеріп Е/Д Созақ селолық аудандық советі қарар етті:

Тасты селолық советінің қамтуынан бөлінген Шу совхозының орталық поселкесі мен №1 және №2 фермаларын қамтитын жаңадан Шу селолық советі

құрылсын. Селолық советінің орталығы Шу совхозының орталық поселкесі болып белгіленсін. Бұл қарарды бекіту Е/Д Шымкент облыстық атқару комитетінен сұралсын.

Аудандық атқару комитетінің председателі Тайбеков.

Аудандық атқару комитетінің секретары М.Бораншиев.

Шу ауылындағы алдымен космонавт, ысқыш Юрий Гагарин атын иеленген орта мектеп, кейін Шу ауылындағы Жаппас Қаламбаев атындағы орта мектеп болып аты өзгерген. Мектепті басқарған директорлар Иманбеков Мұхат, Шойынбаев Әбітай, Әлімбаев Өмірзақ, Науанов Әбдіғалпар, Ахметбеков Жақсылық, Алтаев Дайырхан Мүсіреп Фабит.

Шудың суы келді дегенше, береке келді дей бергің. Созақ ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалына айтарлықтай оң ықпал тиер Шудың суы аудандық аумағы үшін өте тиімді. Яғни, Шу өзені суының келген көлемі 67,600 млн.метр куб көлемінде. Өткен жылы ауданның 33 940 га табиғи жайылым шабындықтарына жайылған еді.

Шудың суы Созақ ауданы үшін, оның ауыл шаруашылығының кең көлемде

масынан бері Шу, Қарабөгет, Ұланбел, Жайлауқөл, Қамқалы, Шығанақ жерлерін, яғни 613 шақырым каналды басып өтіп Ақжайқын көліне құйылатын Шу өзенінің танабы кеуіп қалған кездері де болған. Тасөкел су қоймасынан Созақ ауданының аумағына дейін 444 шақырымды құрайды.

Шу өзенінің суын пайдалана білу, бұл табиғат анының ұсынған үлкен сыйын мейлінше тиімді пайдаға асыру аудандық халқына сын. Аудандық халқы іске кірісіп арнасы толған өзен суын молшылық пен табыстың қайнар көзіне айналдыра алса, қаржылық дағдарысқа төтеп беретін жолды табуға болады. Осыны ескерген аудандық басшылығы аудандық халқымен кездескен әрбір кездесулерінде Шу өзенінің суын егістікке, шабындыққа пайдаланып қалуды ұдайы айтып келеді.

Алдыңмен өзен суымен бірге келетін балықтарды аулау, балық шаруашылығын ашу, өзен арналарына таяу жерлерден балық өсіретін питомниктер жасау, аудандық халқының азықтық бірлігінде аз қолданылатын негізгі тағам балық тағамдары. Бауыр, көз жанары, асқазан сияқты адам ағзаларына дәрумен ретінде беретін шипасы мол тағам халықтың сақнасы мол. Сол себепті осы

5749, жылқы-471, түйе-200 басты құрап, өткен жылмен салыстырғанда біршама артқан. Мал азығын дайындау жұмыстары 108 пайызға орындалған. Кәсіпкерлік саласы бойынша ауыл аумағында 7 аралас сауда дүкені халыққа қызмет етіп келеді. «Катко» қазақ-француз біріккен кәсіпорны 800 мың теңгені құрайтын балаларға арналған ойын алаңшасын салып беріпті. Сондай-ақ, аудандық балық жер асты қазба байлықтарын пайдаланып жатқан аталған шетелдік компания мерекелік шараларда және өзге де атаулы күндері «Алтын» және «Күміс» алқалы аналарға 200 мың теңге көлемінде сый-сияпаттар жасалса, қарттар мен мүгедек жандары бар отбасыларды 1 қап ұнмен және қысқы маусымға орай әр отбасына 2 тонна қатты отынмен қамтамасыз етуді қолға алған.

Білім саласында ауыл аумағына қарасты Жаппас Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінің бітіруші екі оқушысы үздік аттестатпен бітірген. Оқушылар мен балалардың жазғы демалыс лагерінде мектептің он оқушысы демалып қайтыпты. Ауылдық емхана жоспар бойынша жұмыс жасап келеді.

Осы тұста Шу совхозы алғаш құрылғанда алдымен кадр бөлімін, кейін Шу селолық кеңесінің алғаш төрайымы болған Шәмшия апамыз туралы дерек келтіре кетсек артық болмас.

Әділова Шәмшия 1922 жылы Жамбыл облысы, Ақкөл ауданы, Үшарал ауылында қарапайым, көпбалалы отбасында дүниеге келген. Үшаралда 7 жылдық мектепті бітірген соң Луговойда мал дәрігері мамандығы бойынша техникум бітірген. Еңбек жолын Жамбыл облысының Түгіскен совхозында «Қаракөл» фермасында мал дәрігері болып бастаған. 1946 жылынан бастап Созақ ауданы, Тасты совхозының «Қаракөл» фермасына ауысыпты, мал дәрігері болып қызмет атқарған. 1962 жылы Шу совхозы ашылып, кадр бөлімі меңгерушісі болып, бірнеше жыл қызмет атқарды. 1965-1980 жылдары Шу селолық Кеңесінің төрайымы қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан.

Өзі еңбек еткен жылдарда 1972 жылы еңбек ардагері және 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен тағы басқа да көптеген мадақтама, марапаттаулардың иесі болған. Әділова Шәмшия 1997 жылдың 22 шілдесінде дүниеден озды. Бүгінгі тауелсіздік таңында өзінің 60 жылдық мерейтойын өткізіп жатқан Шу ауылы ырысы мен ынтымағы, ауызбіршілігі жарасқан берекелі ауыл боллашаққа нық қадаммен алға басып барады.

**Халық депутаттары Созақ аудандық советі атқару комитетінің қарары.**

Шолаққорған селосы. №316 12 ноябрь 1980 жыл. Аудандық мекендерінен жаңадан клуб үйлерін ашу туралы.

Аудандық шаруашылығын өркендетудің 1980 жылғы белгіленген жоспарына сәйкес мына төменгі селолық советтерден селолық клубтар ашуды ұйымдастыру аудандық мәдениет бөлімі жолдас Теміровка тапсырылсын.



Әкімшілік ғимараты

дамуы мен ілгерілеуі үшін тигізетін пайдасы ұшан теңіз.

Кеңестік кезеңде ауданның мал шаруашылығына қажетті жем-шөп қорының 60 пайызы осы өңірден даярланатын. Айлар бойы барлық техника атаулы жұмылдырылып, науқанды жұмыс, социалистік жарыстар арқылы жүзеге асырылып, барлық идеология осы салаға бағытталатын. «Көктемнің бір күні жылға азық» деген хрәнем Жуантөбе, Тасты, Шу, Қаратау, Созақ, Қарағұр кеңшарларындағы төрт түлік мал бастарының көбеюіне өзінің жем-шөп қорымен қомақты үлесін қоса білген Шу өзені болатын.

Сонау қырғыз Алатауынан бастау алған Шу өзені Қазақстан шекарасына кіргеннен үш облыстың территориясынан өтіп, көптеген аудандардың аумағын молшылыққа кенелтіп барып, біздің ауданды қамтып келеді. Тасөкел су қой-

балық шаруашылығы өркендесе, халықтың денсаулығына, дүниеге келер сәбилердің толыққанды өсіп жетілуіне әсері мол болар еді. Екінші тұрғын үй, қора-қопсы, көшпелі жиналмалы қораларға шарбақ орнату үшін қамыстан паршындар даярлау. Шу бойының қамысы таптырмас құрылыс материалы санатында. Осы кәсіпті қолға алу үшін арнайы қамыс тоқитын цехтарды үш ауыл әкімшіліктерінен ашып, әр топқа он адамнан жұмысқа тартылса үлкен кәсіпке негіз болар еді. Қамыс паршындар осы бастан даярланса, көктем шыға құрылыс нысандарына, көктемгі мал төлдету науқанына орай сақмандарға, мал емдеу, дәрілеу, сығалау үшін жылжымалы қоралар ретінде ветеринариялық бөлімдер, жеке шопандар, шаруа қожалықтары пайдаланылса келешекте шаруалар арасында үлкен сақнасы тудырар еді. Олар аудандық орталығындағы мемлекеттік қазыналық



Ауылдастар ортасында

Созақ селолық советіне қарасты Көктебе елді мекенінен 1 клуб үйі.

Шу селолық советіне қарасты Бесартезианнан 1 клуб үйі

Жартытөбе селолық советіне қарасты Бабата елді мекенінен 1 клуб үйі.

Тасты селолық советіне қарасты №2 фермадан 1 клуб үйі.

Жаңадан ашылатын селолық клубтарда 1 ноябрь 1980 жылдан бастап қажетті қаржы бөлу аудандық финанс бөліміне (Қ.Өмірәлиевке) тапсырылсын.

Аудан көлемінде жаңадан ашылатын селолық клубтарда жұмыс істеуге маман кадр жіберіліп, оларға практикалық көмек көрсету Селолық совет атқару комитеттеріне, аудандық мәдениет бөліміне міндеттелсін.

Еңбекшілер депутаты аудандық советі атқару комитеті Шолаққорған селосы. 27 август 1967 жыл. Жарлық №61-9

Аудан орталығынан және басқа учаскелік емханалардан алыстағы ескеріліп, 1967 жылғы аудан больницалары бойынша койка саны есебінен Шу совхозының орталығынан 15 койкалық емхана 1967 жылдың 15 сентябрінен бастап ашуға рұқсат етілсін. Шу совхозының орталығынан емхананың ашылуына байланысты аудан емханаларының сметаларына тиісті өзгерістер жасап, қосымша қаржы бөлу аудандық финанс бөлімі мен аудандық медицина бірлестігіне жүктелсін.

Халық депутаттары аудандық Советі атқару комитетінің председателі Б.Намаев.

Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің бюросы, халық депутаттары аудандық Советі атқару комитеті ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің президумы мен Қазақстан ЛКСМ аудандық комитеті бюросының қоспа мәжіліс қаулысы. №15/26/42 16 февраль, 1983 жыл.

Аудан шаруашылықтарында мүйізді ірі қара, жылқы, түйе түліктерінен төл алу, мал өнімдерін өндіру мал басын өсіру және аман сақтаудағы 1982 жылғы жылдық социалистік жарыс қорытындысы жайлы.

Аудан шаруашылықтарында мүйізді ірі қара, жылқы, түйе түліктерінен төл алу, мал өнімдерін өндіру, мал басын өсіру және оны аман сақтаудың жылдық социалистік жарыстың қорытындысын қарап, қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің бюросы, халық депутаттары аудандық советі атқару комитеті аудан шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің президумы мен Қазақстан ЛКСМ аудандық комитеті бюросының қоспа мәжіліс қаулы етеді.

Жылқы түлігін өсіруде және одан төл алуда аудан шаруашылықтары арасында ең жоғарғы көрсеткішке жетісіп, әр жүз биеден 86 құлын алып, мал басын 97 процент аман сақтап, етке өткізілген жылқының басым бөлігі бірнеше категорияда өткізілген жылқының басым бөлігі категорияда өткізілуін қамтамасыз етіп, жылқы өсірудегі жылдық жоспарды 104 процент орындаған «Созақ» совхозының коллективі социалистік жарыстың жеңімпазы деп танылып ауданның жылқы түлігі жөніндегі ауыспалы Қызыл Туы «Созақ» совхозының коллективіне тапсырылсын.

Түйе түлігін өсіруде совхоз бойынша әр жүз інгеннен 61 ден бота алып шаруашылықтар арасында ең жоғарғы көрсеткіштерге жетіп мал басын 99,9 процент аман сақтап әрбір түйеден 5,0 кг жүн қырыққан және етке өткізілген түйенің орта салмағын 490 кг. Жеткізіп бірінші категорияда өткізілуін қамтамасыз еткен, сөйтіп түйе өсіру жөніндегі ауданнан ауыспалы Қызыл Туын Қаратау совхозының коллективіне тапсырылсын. Аудан шаруашылықтары арасында мүйізді ірі қара түлігінен төл алуда аса үздік көрсеткішке жетісіп мал басын өз төлі есебінен көбейтуде қабылданған социалистік міндеттемесін асыра орындаған мал басын 99 процент аман сақтап әр жүз аналықтан 96 дан бұзау алуды қамтамасыз еткен, ірі қара өсіру жөніндегі жылдық жоспарды 115 процент орындауда жетіскен. Жуантөбе совхозынан коллективі социалистік жарыстың жеңімпазы деп танылып ауданнан ауыспалы Қызыл Туды Жуантөбе совхозының коллективіне тапсырылсын.

Мүйізді ірі қара, жылқы, түйе түлектерін өсіруде және одан төл алуда қабылданған социалистік міндеттемелерін асыра орындауды қамтамасыз еткен. Яғни әр жүз аналықтан 85-87 аралығында бұзау 75-77 аралығында құлын 48-52 аралығында бота алған Калинин атындағы, Сызған совхозы әр 100 биеден 72 ден құлын алған. Сондай-ақ аудан бойынша 16 тонна қан дайындаған «Шу» Донорлық-жылқы совхоздары коллективтерінің қажырлы еңбектері атап көрсетілсін. Аудан ірі қара өсіруші бригадалары арасында аса үздік көрсеткіштерге жетіп әр жүз аналықтан 37-96 аралығында бұзау алған «Жуантөбе», «Созақ» совхозының аға бақташылары әр жүз биеден 100 құлын алған Созақ, Жуантөбе, Шу, Қаратау және Калинин атындағы совхозының аға жылқышылары, түйешілері Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің Құрмет тақтасына жазылсын. Қоғамдық мал басын өз төлі есебінен өсіру және малдың төлшілдігін арттыруда мал басын аман сақтауда жақсы көрсеткіштерге ие болған мүйізді ірі қара бақташысы Асылбеков. Жылқышылар А.Оспанов, Б.Салқынбаев, Е.Мұқымбеков, М.Мараймов, Ж.Ерсейітов, Түйешілер К.Бакенов, Х.Бисугиров, М.Искаков, К.Уканов жолдастардың қажырлы еңбектері атап көрсетілсін. Еңбекші бұқара арасында КПСС XXVI съезі мен КПСС Орталық комитетінің май, ноябрь (1982ж) Пленум шешімдеріне сай социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып қысқы маусымды мал қыстатуды ойдағыдай өткізуімен мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіру мен оның сапасын арттыру он бірінші бесжылдықтың жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге жұмылдыру міндеттелсін. Ірі қара өсірушілердің еңбек озаттарына материалдық көтермелеу бағалы сыйлықтар беру жөніндегі аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының ұсынысы мақұлдандысін. Х/Д аудандық Советі атқару коми-

тетінің Председателі (мөрі басылып, қолы қойылған) Б.Намаев.

Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінің секретары (қолы қойылған) Қ.Еспенбетов. Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің секретары Б.Ахмедов.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы аудандық комитетінің председателі: (қолы қойылған) Н.Бимаханов. Қор-3, тізім-2, бума-601, кітап-634, п. 119-121.

Шу совхозы құрылған күннен, жылдан бастап осы совхозда еңбек еткен жылқышылар, шопандар, еңбек адамдары Дастанов Әйтміш, Ахметов Жаппар, Құтжанов Аманжол, Құтжанов Қасым, Боханов Төлеген, Алдашев Қазыбек, Алдашев Ноғай, Қалиев Жақан, Жандәулетов Балтабай, Әлсенов Бақыт, Абдуллаев Мұқатай, Абдуллаев Күнгейбай, Қамашов Мейірман, Қамашов Жақан, Ысқақов Кеңесбек, Салқынбаев Бахтияр, Дастанов Мәулен, Мұстафаев Қойшыбай, Қарсақбаев Әбілда, Бекпенбетов Өмірбек, Жандәу-



Совхоз активтері

летов Шот, Жанбаев Керікбай, Қуатов Әлкен, Қамашов Дархан, Салқынбаев Қали, Тайбеков Өмірзақ, Сатыбалдиев Әбдуәлі, Оспанов Арыстан, Қыранбаев Шахан, Таңқыбаев Тәңірберген, Сүлейменов, Абдуллаев Ақмахан, Абдуллаев Ерман, Жұмашов Романқұл, Әуелбеков Қырғызәлі, Жүсіпбеков Мансұр, Серікбаев Қордабай, Сәдуақасов Жанайдар, Жәкелов Бердәлі, Кенешбаев Асан, Кенешбаев Үсен, Мұстафаев Нағашбек, Керімбеков Нұртай, Өксікбаев Сәулебай, Қасымов Жұмай, Нөгербеков Нұрғали, Қоянбаев Бейсенбай, Жанәбілов Тұрсынбай, Рымбаев Жанахмет, Бұзауов Анарбай, Сәтжанов Аманбай, Жұманов Керімқұл, Жекенов Керімбай, Бесбаев Кәрім, Байменов Кенбай, Тұрсынбай Қорғанбай, Құлжанов Үсен, Қожалғалиев Жолдас, Қуатов Салман, Мұханов Руфа, Маденов Егемберді, Жалғасбаев Таңат, Алтынбеков Ақыл, Кенжебаев Тұрғанбек, Қодасов Мұқымжан, Шаханов Үсен, Көпбаев Бостан, Бөрібеков Жақсылық, Асқаров Әнуар, Нұрлыбеков Мұхат, Қошқаров Бас-

тықбай, Жандәулетов Мәлік, Мұстафаев Жаңабай, Қасымов Әсет.

Көп балалы аналар Абшайықова Қаншайым, Әбжанова Рахима, Әлжанова Жұмакүл, Байсейітова Зүбайра, Бимаханова Несібелді, Дастанов Рәш, Дольбаева Күләш, Дольбаева Тоқтаркүл, Дауылбаева Ұлмекен, Жанәбілова Алтынкүл, Жұмабаева Түймекүл, Жүнісәлиева Орынкүл, Құсбекова Зоя, Қуатова Рыстай, Қасымова Шарипа, Қарабаева Қыздаркүл, Қамысбаева Рәзия, Қыздарбекова Қанымкүл, Қысықова Тотыш, Мырзанбекова Ұлтай, Мырзамбекова Алтын, Өксікбаева Жұмакүл, Пошаева Мәрия, Серікбаева Базкен, Сүлейменова Боранкүл, Слабекова Әсілай, Сыдықова Жақан, Төлеуқызы Аманкүл, Тәшенова Түгелкүл, Тәжбенова Торы, Хасанова Гүлсара, Ысқақова Аманкүл, Ілиясова Патима, Үсенова Хадиса.

Шу ауылдық округі бойынша бүгінгі таңда атқарылып жатқан мен алда тұрған міндеттерге келсек, округтің негізгі саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Шу ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылық жер көлемі 377 124 га құраса, егістік жерлері-5 га, оның ішінде игерілгені-0, оның ішінде суармалы жер-5 га, игерілгені-0, жайылымдық жер 369 891 гектар жерді құрайды. Шаруа қожалықтардың пайдаланып отырғаны жері 8475 га құрайды. 2021 жылы аудандық жер қорынан конкурс комиссияның шешімімен 6 азаматқа 4781 га жайылымдық жер конкурс арқылы берілді. Қысқа мал азығын дайындауда 5314 тонна шөп жоспарланып, жоспар толықтай орындалды. Осы науқанға 11 трактор, 8-орақ, 3-ауыр жүк көлігі және 4 пресс және т.б. техникалар жұмылдырылды. Округ аумағындағы 105 аулада 663 адам тұрады. Олардың еңбекке қабілетті, белсенділері - 279, оның ішінде жұмыспен қамтылғандар-249, жұмыссыздар саны-30, зейнеткерлер- 45, I, II, III топ мүгедектер - 17, мүгедек балалар - 8, көп балалы аналар саны - 97, оның ішінде «Алтын алқа» иегерлері - 16, «Күміс алқа» иегерлері - 15, Батыр аналар-2, жалғыз тұратын зейнеткерлер жоқ, ауған соғысына қатысушылар жоқ, тыл ардагерлері - 2 адам.

Ауылдық округте 1 шағын жинақты жалпы орта мектеп, 1 мемлекеттік

бөбекжай-балабақша жұмыс жасайды. Ж.Қаламбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектепте 176 оқушы білім алуда. «Марал» бөбекжай-балабақшасында жұмыс атқарылуда. Шу ауылдық округі бойынша тұрғындарға 1 ФАП қызмет көрсетеді. Шу ауылдық округі әкімшілік ғимараты пайдалануға берілді. Осы уақытқа дейін ескі ғимаратта орналасқан Шу ауылдық округі аппараты, енді жаңа ғимаратта халыққа қызмет көрсетіп отыр. Ғимараттың ашылу салтанатына ауыл тұрғындары, аудан әкімі, зиялы қауым өкілдері қатысты. Шу ауылы тәуелсіздіктің ақ таңында жылдан жылға дамып, гүлденіп өзге ауылдармен терезесі теңесе болашаққа тың серпінді күш қуатпен алға жылжып барады. Оның барлығы елдің ауызбіршілігі мен ынтымағы, еселі еңбектерінің нәтижесі деп білеміз. Биылғы 60 жылдық мерейлі мереке құтты болсын шулық ағайындар!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**  
**Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.**

2022 жылғы қаңтар-тамызға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Table with 3 columns: Indicator, 2022 жылғы Қаңтар-тамыз, 2022 жылғы қаңтар-тамыз, 2021 жылғы қаңтар-тамызбен, %-бен. Rows include population, employment, trade, etc.

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕККЕ ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Table with 2 columns: Indicator, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі. Rows include total, government, private, etc.

ШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ


Table with 4 columns: Job, 2022, 2021, 2021. Rows include total, government, private, etc.

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Table with 7 columns: Indicator, 2022, 2021, 2021. Rows include total, government, private, etc.

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Table with 6 columns: Indicator, 2022, 2021, 2021. Rows include total, government, private, etc.



Ясауи хикметтерінің мәні

Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Ол адамның адамдық парызы – Алла мен адамның және адам мен қоғамның арасында алтын көпір болу екендігін ұғынған.

тыл болуы қажет екенін де айтады. Адам тек Хақтан қорқуы керектігін санаға құяды. Әлемде Хақтан барлық жанды мен жансыздың қорқатынын ұқтырады.

шына бой алдырса, онда ол иманынан айрылады. Бұл туралы Қожа Ахмет Ясауи бабамыз былай деген: «Түркілер әлемінде эпикалық сарындар дәуірлеп тұрған шақта, ел зердесінде Күлтегін, Тоныкөл секілді бейнелер жатталғанда, сұңғыла парасат иесі қаһармандық өмірбаяндық үлгіні рухани өмірбаян жазуға қолдануы мүмкін.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи өз кезеңінде білімді адамдардың бірі, өзіне тән ерекше жолды тудырушы, әрі таратушы тұлға болған. Оның ежелгі түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» деп аталатын еңбегі қашан да халықтың білімге, ілімге, дінге деген талпынысын оята түсетін құнды дүние болып қала береді.

Жемқорлықпен күрес-әрбір азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған.

оларға алкогольдік ішімдік мен темекі өнімдерін сату арқылы қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тартатын ересектерді анықтап оларға тиісті шара қолдану көзделген.

Алдын алу іс-шарасы өткізілуде

Түркістан облысы полиция департаментінің №1-30-4-34/7291-И санды нұсқауына сәйкес, ағымдағы жылдың 19-21 қыркүйек күндері аралығында, облыс аумағында «Жасөспірім» профилактикалық іс-шарасын облыс аумағында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдерді және бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын ата-аналарды анықтау, сонымен қатар жасөспірімдердің суық және атыс қаруларын алып жүрулерін және оларды қолданып қылмысқа баруларының алдын алу мақсатында «Жасөспірім» профилактикалық алдын-алу іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның мақсаты құқық бұзушылыққа бейім кәмелетке толмағандарды және балаларына теріс тәрбие беретін ата-аналарды анықтау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына және түнгі уақытта заңды өкілдері еріп жүрмеген кәмелетке толмағандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде болуын анықтап, жасөспірімдер жасайтын қылмыстың алдын алу және ескерту, құқыққа қарсы бағыттағы жасөспірімдер топтарын есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, алкогольдік ішімдіктерді пайдаланатын кәмелетке толмағандарды, сонымен қатар

А.БЕЙСЕНБІ, Созақ ауданы полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі Ювеналды полиция тобының инспекторы полиция аға лейтенанты.

# Аң аулау маусымында абай болайық!

Елімізде аң аулау маусымы ашылды. Осы сәтті пайдаланып аң құмар жандар қаруын сайлап, дала кезіп, аң атуға шығатыны белгілі. Аң ату маусымы ашылғанымен ауданымыздағы орман шаруашылығына тиесілі жерлерде аң аулауға рұқсат жоқ!

Табиғат-тал бесік дейміз. Табиғатымыздың әсемдігін қорғау, ондағы жан-жануарлардың өсіп-өнуіне атсалысу, көздің қарашығындай сақтау басты парызымыз. Өкінішке орай қазіргі таңда заңсыз аң аулау тиылмай тұр.

Қазақстанда күн сайын 3 мыңнан астам табиғат қорғаушы инспекторлар өз өмірін қауіп-қатерге тігіп, табиғатымызды, ондағы жүрген аң мен ұшқан құсты, судағы балықты қорғайды. Браконьерлердің жауыздығынан қаншама жауызсыз жануарлар жаппай қырылып жатыр.

Кейбір деректерге қарағанда 2016-2018 жылдары сирек кездесетін нәзік тұқымды құстар барша жатқан жануарларды аулаудан еліміз 3,6 млрд теңге зиян шегіпті. Браконьерлер бекіре, ақбөкен, қарақұйрық тәрізді жануарлар мен балықтарды аулауға құмар келеді.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген жабайы жануарлар мен құстарды атып ұсталған браконьерлерге заң талаптары күшейді. Яғни бұрын жабайы киіктерді атқан адам 5 жылға дейін сотталса, қазіргі уақытта 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Сондықтан әр азаматты табиғаттағы жан-жануарларды заңсыз аулаудан сақтандырығымыз келеді.

Жалпы, біздің жануарлар дүниесін қорғаушылардың мақсаты – қоршаған ортамыздағы аң-құстарымыз бен жануарларымызды қорғау болып табылады.

**Талғат ҚАБЫЛОВ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аң қорғау инженері.

## Жатқан жерің жайлы болсын әкежан



Жартытөбе ауылының тұрғыны, ардақты әке **Мұсабекұлы Сүлеймен** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

**Мұң жаилады, көкіректі, өзекті!  
Сіз кеткелі қырық күн қалай тез өтті!**

**Аңсағанда өзіңді жан әкем,  
Жанжүректен сағыныштың сызы**

**өтті!**

**Немерелеріңіз көңіл-күйден құлазып,  
Алысқа кетті ағамыз деп аңсайды.**

**Орныңыз қалды, үңірейіп ойсырап.**

**Әкемайым, мәңгі есте жарқын жүзің, дидарың!**

**Есімде әлі күлімсіреп тұрғаның!**

**Асыл әкем, жәннатта болсын жаныңыз.**

**Құдай қолдап, жолдас болсын иманыңыз** - деп, әкеміз Мұсабекұлы Сүлейменнің рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас - 30 қыркүйек күні (29 қыркүйек - қонақ асы)  
Жартытөбе ауылы, Ш.Ақымұлы көшесі № 17 үй. Өз шақырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: жұбайы,  
ұл-қыздары, келіндері.**

## Жұмақтан жазсын тәңір тұрағыңды

Құмкент ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл жан **Көшкінбаева Шолпан Баққонарқызы** анамыздың дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Ардақты анамыздың нұрлы жүзі жадымыздан өшпек емес.

**Назар төмен, көңіл пәс,**

**Сорғалайды көзден жас.**

**Айрылғалы өзіңнен,**

**Тоқтамай қойды-ау көзден жас.**

**Сені қалай ұмытпай асылым-ай,**

**Түскен сайын есіме жасыдым-ай.**

**Аңырап іздегелі бір өзіңді,**

**Мінекей 1 жылдың да жүзі толды-ау.**

**Өшірмей өзің жаққан шырағыңды,**

**Жүректен сағынғаннан жыр ағылды.**

**Алдыңнан шығып дәйім жақсылығың,**

**Жұмақтан жазсын тәңір тұрағыңды,** - деп, асыл анамыз Шолпан Баққонарқызының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас - 9 қазан күні (8 қазан - қонақ асы) Құмкент ауылы, Құмкент көшесіндегі өз үйінде беріледі.**

**Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары,  
немерелері, Айтқұловтар отбасы.**



## Хабарландыру

2022 жылғы 31 қазанда сағат 11.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызмешек а.п, Қызмешек ауылы, Мәдениет үйінің ғимаратында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ «Инкай» уран кен орнының №3 учаскесінде тәжірибелік-өндіріс жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Skype бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме: <https://zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Әсер ету аймағы: Түркістан облысы, Инкай кен орны, №3 учаскісі.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ. 168, Бөгенбай батыр тел.: +7 (702) 0001760, e-mail: [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz)

Қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы есепті әзірлеушінің мәліметтері мен байланыс деректері: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., көш. Бөгенбай батыр к-сі, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Жоба материалдары [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz) сайтында орналастырылған.

Белгіленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz), телефон: 8 702 000 17 60.

Қоғам мен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электронды түрде. Түркістан облысы бойынша экология департаментінің электронды поштасына жібере алады мекенжайы: [ontustik.gov.kz/kk/](mailto:ontustik.gov.kz/kk/) немесе [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz).

## Объявление

31 октября 2022 г., в 11.00 часов, по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Кыземшек, в здании «Дома Культуры», АО «НАК «Казатомпром» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Проект опытно-промышленной добычи на месторождении урана «Инкай» участка №3».

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «Skype». Ссылка на онлайн-подключение:

<https://zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Территория воздействия: Туркестанская область, Месторождение Инкай участок №3.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Бөгенбайбатыра, 168 тел.: +7 (702)0001760, e-mail: [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz)

Реквизиты и контактные данные разработчика Отчета о возможном воздействии: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Бөгенбай батыра, 168, тел.: +7 (702) 6127738.

Материалы проекта размещены на сайте [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz).

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по эл. адресу: [y.nikitina@iht.kazatomprom.kz](mailto:y.nikitina@iht.kazatomprom.kz), тел.: 8 702 000 17 60.

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме на эл. адрес Департамента экологии по Туркестанской области: [ontustik.gov.kz/kk/](mailto:ontustik.gov.kz/kk/) либо на [www.ecoport.kz](http://www.ecoport.kz).

## Дала өрттерінің себептері және алдын алу іс-шаралары

Өрт – аса қауіпті тілсіз жау, ол экономикаға үлкен материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіреді. Өрт жаздың қатты ыстығында, ұзақ уақыт жауын жаумай, құрғақшылық болған кезде жиілеп, орманды және дала алқабының өртенуіне шөптің өздігінен жануы басты себеп болады.

Мұндай өрттің дами түсуіне күшті жел тіпті әсер етеді. Орман-дала өрттерінің 80 пайызға жуығы тұрғындар еңбек етіп жатқан немесе дем алып жатқан жерлерінде өрт қауіпсіздігін сақтамауынан, яғни оттықтарды толығымен сөндірмей кету, темекінің өшпей қалған қалдықтарынан, шын ыдыстардың қалдықтары құрғаған шөптердің үстінде күн сәулесіне түтеп жануы ықтимал және сол сияқты орманда ақаулы техниканы пайдаланудан болады. Кейде күн күркіреген кезде жай түсуден де орман жиі өртенеді. Өрт өзінің сипатына қарай төмендегі және жоғарыдағы болып бөлінеді. Жалпы өрттің 90 пайызы төменде болады. Мұндай жағдайда от тек топырақтың үстіңгі қабатында ғана болып, өсіп тұрған шөп, ағаштың жер бетіндегі тамыры жанады.

Өртті байқаған кезде дер кезде өрт сөндіру бөлімшесіне 101 сымтетігіне хабар беру, жақын оналасқан ауыл шаруашылық қызметкерлеріне хабар беру, баяу жанған және орташа өрттердің шетін ұрып отырып сөндіру ең қарапайым және сонымен қоса, тиімді әдістің бірі. Ол үшін ұзындығы 1,2 м бұтақ немесе шағын ағаш, көбіне жапырақты ағаштар пайдаланылады. Екі-үш адамнан тұратын топ қатар тұрып, 1000 м дейінгі алқаптағы өртті соққылап отырып 40-50 минутта өшіре алады.

Соққылап өшіруден нәтиже шықпаса, онда өрттің шетіне қарай бос топырақ шашқан жөн. Бұларды техникамен атқарса, тіпті жақсы. От одан әрі тарамас үшін оның жолына жыртылған жолақ және кең арық тартады немесе өртке қарсы бағытта от қоюға болады. Одан әрі жанын ештеңе жоқ болса, жалын осындай бөгеттерге келгенде тоқтайды.

**М.ӘЛІМ,**  
Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау лейтенанты.

## ҮЙДЕГІ ӨРТТЕН САҚТАНЫҢЫЗДАР!

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз: Түтіннің иісін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.

Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.

Жанып жатқан үйден лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалуы мүмкін және лифт этаждардың арасында қалуы мүмкін.

Егер дәліз және алаңқайда өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.

Егер өрт коридорда болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.

Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзіңді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалтсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.

Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі дем алу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

**С.СЕЙДАХМЕТОВ,**  
Созақ ауданындағы № 11 өрт сөндіру бөлімінің бастығының м.у.а. азаматтық қорғау аға лейтенанты.

# Жеңісті жол жалғасын тапты



Ассалаумағалейкүм Теріскейдің текті жұрты! Сүйінші, Созақ спортының саңлақтары тағы да жеңісті жолдарын жалғады. Нақтырақ айтсам, 2022 жылдың 3-4 аралығында Алматыда Панкратионнан элит бөлімі бойынша жасөспірімдер мен кадеттер, жастар менен ересектер және әйелдер арасында жарыс болып өтті. Жалпы, жарыстың мақсаты еліміз бойынша панкратион спортын түрін дәріптеп, онан әрі дамыту еді. Мұнан бөлек, экс астанада өткен турнирдің міндеті осы спорт түрінен резерв дайындау, панкратион спорттық ұйымдарының жұмыс қорытындыларын шығару, әр салмақ категориялары бойынша кілем үстінде кіл мықтыны анықтау және билығы жылдың иелері жастар мен жасөспірімдер арасында салауаттыөмір салтын насихаттау, сондай-ақ, спортшылардың шеберліктерін дамыту толып табылды. Шын шеберлерді анықтайтын біріншілікке ауданымыздың атынан «SOZQAQ fighting club» Аралас жекпе-жек спортшылары қатысып, бақ сынады. Нақтырақ айтар болсам, ересектер арасында 62 кг салмақта өнер көрсеткен. Бейсенбі Қадір есімді азаматымыз жүлделі III орынды иеленсе, Жастар арасында Жаманқара Нұрдәулет II орынды иеленді. Нәтижесінде, екі оғланымыз да алдағы, алматы қаласында өтетін жарысқа қатысуға мүмкіндік беретін жолдамаға қол жеткізді. Сөз соңында Созақ спортына да, саңлақ спортшыларымызға да сәттілік тілейміз!

**Данияр БЕК.**



## ЕС АФА

Ескермес Жақсымбетов есімі қазақ әдебиетінде де, Созақ әдебиетінде ерекше құрметке ие есім. Қарақұрлық қарапайым қаламгер. Өмірге өлең болып келіп, өлең болып кеткен шынайы шығармашылық иесі. Ескермес ақын Құдайдың маңдайына таңбалы берген ғұмырын босқа өткерген жоқ. Қолынан қаламы, ойынан орасан ойпікірі, санасынан сансыз жобалары арылмады. Дүние тірліктің жалған екенін де білді. Бас ұрып дүние, нәпсі жолына түспеді. Ескермес өзі қалаған, өзі жетсем, шықсам деген биігіне шыға білді, шықты, сол биігіңде тұрақтап қалған шығармашылық шыңына талпынған үстіне талпына түсті.

Есаға маған ұстаз. Маған жезде, әрі нағашылық жағы да болды.

Жұмыс орнымыз редакцияға келген бетте, коридарда тұрып «Қарғабаевич бар ма?» деп дауыстап кіретін. Қайсыбір жылы жазда үйге келіп, тамақтан соң есіктің алдындағы сөкіде жаттық әңгімешіл өзі. Мен тыңдаушы. «Қазақстан Жазушылар Одағыны өтіп ал! Босқа жүре бермей, бір тақырыпқа отырсай» дейтін.

Қарағұрдан бір келгенінде мені осы Абай көшесінде тұратын қайын жұртына алып барды. Құран болып жатыр екен. Енді бір жолы досы, әрі туысы Сатыбалдиев Пәтши ағаның үйіне ертіп барды. Өзі жалғыз жүргісі келмей, мені қасына серік етіп алатын соңғы жылдары ауырып қалатын болды. Үй телефонына, қалта телефонына қоңырау шаламын. Бір де алады, бір де естімей қалады. Ескермес ағай мені шәкірті ретінде санайтын. Жазғандарыма сыни көзбен қарап, ақ-қарасын айтып келеді. Кейде өзінің жазғандарын да көрсетіп, тең-замандас, шығармашылық адамы ретінде менің пікірімді білгісі келетін.

Бір хабарласқанымда үй салқын, өзім мазам болмай ауырып қалдым-деді. Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ернар ініме, аудан

әкімінің орынбасары, марқұм Бағдат Айдарбековке барып айттым. -Аудандағы ең-сыйлы, ардақты жазушы, ақын ағамыздың денсаулығы жоқ. Мүмкін Шолаққорғанға алдырамыз дедім. Бағдат Бегманұлы Ернарға, ауыл әкімі Ордабекке дереу тапсырма (бас дәрігерге) беріп Шолаққорғандағы орталық емханаға алдырып, арнайы бір бөлмеде жатып ем қабылдады. Күнде кешкісін барып тұрамын. Мені көріп қуанып қалады. Жұмыстан электрмен жылытатын пеш апарып қойып қойдық. Он шақты күнде жақсы ем алды. Оның алдында Ниязәлі ағамыз екеуміз. Есағаның үйіне келіп кеткенбіз. Менің ойым аудан басшылығына айтып Таукенттен бе, Шолаққорғаннан ба ыстық су, бар жылы шағын үй болса, ертеректе Төлеген Момбеков көкемізге, ардагер Мырзахмет Жылысбаеваға аудан басшылары көмектескен болатын.

Сондай жағдай жасаса деген ниетім еді. Түркістанда қала әкімі академик Рахманқұл Бердібаевқа, актер Райымбек Сейтметовке де көмектескен еді ғой. Ескермес ағайдың әріне балалық шағы оңай болған жоқ. Бұрқыратып самауыр буыдемін, Отыратын ыстық тер жуып өңін. -Апа,-деймін жай ғана, -айтыңызшы, Осы мені қай күні туып едің? -Ол пейнеттің жоқ бүгін үштен бірі, Иығынан әйелдің түскен жүгі. Қай ай, қай күн екені есімде жоқ, Сен туғансың дәл қауын піскен күні. Өзі айтқандай қауын піскен кезде туылған әңгелектей сары бала жетімдіктің ащы дәмін татты. Анасы Жаңыл апамыз. Әрине, баласына жетімдік тауқыметін қанша жерден көрсетпеймін деп күндіз түні белін шешпей еңбек етсе де, өмір заңы солай әкесі жоқ, әке алақаны, әке тәрбиесі, әке қозқарасы, рухы болмаған жерде жетімдіктің құлағы қылқып қалмайтыны анық. Қарындасы Үрішті өле-өлгенінше іздеп, құрметтеп кеткен Есағаң Үрішке деген өлеңінде былай деген екен- Сағыныш

сезім басылмай, Жолдарда шаңдақ қалды ізім. Алпамыстың Қарлығашындай, Соңымнан ерген жалғызым. Жолымыз екі бөлінді. Үзігің болса жалғайын,

Түсініксіздеу көп түсім. Жат-жұртта болмай жағдайың, Жабырқап жүрген жоқпысың. Шешілер сұрақ түйілген, Өмірдің жолы сан қилы. Сен келсең менің үйімнен, Апамның ісі аңқиды,-деп жалғыз қарындасын жырына қосыпты. Жан жары Ердебекова Бибан Нұрғалиқызы өте байсалды, сабырлы, отбасының ұйытқысы, көргенді жердің көректі қызы болатын. Ақын-жанды азамат болған соң жүріс-тұрысы, барыс-келісі, дос жараны көп болатыны белгілі ғой. Еркелігі мен ерке ісіне байыппен қарап, сабыры мен ақылын қатар ұстап отбасының ынтымағына селкеу түсірмей өткен асыл жар еді. Апамыз туралы: Қуансам қуанасың, Жинатып жанарыңды. Мұңайсам мұңаясың, Күзетіп қабағымды,-деп жыр қалдырып кетті. Ескермес ағай ұстаз. Жеңіс Қарғабаев туралы «Жиде жұпар шашқанда» деген дастан жазған еді. Ұстазына адал, шәкіртіне қамқор болған аяулы жан артына өшпес мұра, өлмес өлең қалдырды. Жүрегі аппақ қардай тап-таза ақын өмірі шексіз, соңғы жылдары имандылық, мұсылмандық қасиеттер, жайлы көп дүниелер жазды. Пайғамбарлар туралы кітапты қолға алып, денсаулығы, жағдайы болмаса да діттеп жүріп аяқтады. Редакцияға келгенде қашанда шығармашылық, кітап, жазып жатқан жұмыс жоспарымен бөлісіп, көзі тірі ауданның шығармашылық өкілдерін сұрап, таңертең келсе түске дейін отыратын. Шығармаларын газетке жариялауға беретін.

Кейде әзілдеп, ойнап, тиісіп қоятын жұқа әзілі де болатын. Желтоқсандықтарды өле өлгенше дәріптеп Талқандап тас қамалды қоршаған бар, Сендер жаққан алауда қанша мән бар. Жанартаудай шықтыңдар буырқанып, Азаттықтың ақ таңын аңсағандар,-деп жырлап кетті.

Менің Жазушылар Одағына мүшелікке өтуімді, ол қалай болып жақтаны, кіммен сөйлескенімді тәптіштеп сұрайтын. Осындай керемет, асыл адамның көзін көрдік, шәкірті болды. Ескермес Жақсымбетовтің есімін ел есінде қалдыру мақсатында ауылдан бір көшенің аты берілсе, тіпті Қарағұр орта мектебіне заманауы қаламгері, талапты жазушының есімін берсе де артық болмас еді.

Келесі жылы Ескермес Жақсымбетовтің, тірі болғанда 75 жылдық мерей тойын атап өтер едік. Ардақты қаламгер, ұстазымыздың жаны жаннатта болсын!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

## Күн сәулесінің пайдасы

Күн радиациясы. Жер шарына энергия, жылу, жарық беретін күннің көзі. Ол жердің бетін қыздырады, суды буландырады, ауа ағымын, сонымен қатар ауа райының өзгеруін, жергілікті жердің климатын анықтауда негізгі фактор болып табылады.

Күн энергиясының көп мөлшері, әсіресе ультракүлгін сәулелері атмосфераның лас қабатынан өткенде жоқ болып кетеді. Үйлер дұрыс салынбағанда (үйлер бір-біріне өте жақын орналасқанда) да тұрғын бөлмелерге күн көзі түспейді. Лас терезе әйнектері де ультракүлгін сәулесінің бағалы бөлігін өткізбейді. Адам ағзасы ультракүлгін сәулесімен жеткіліксіз мөлшерде сәулеленсе, адамда «күн көзі жетіспеушілігі» ауруы пайда болады. Бұл кезде ағзада трофикалық процестің және зат алмасу процессінің бұзылуы байқалады. Сонымен қатар адамда қан аздық (анемия) пайда болады. Ағзаның әр-түрлі улы заттарға, йонды сәулелерге, жұқпалы ауру қоздырғыштарына қарсы тұру қасиеті нашарлайды. Күн сәулесінің әсерінен адамның терісінде «Д» витамині пайда болады. Балалар ағзасындағы «Д» витамині жеткіліксіз болған кезде мешел (рахит) ауруы пайда болады. Бұл кезде балалар ағзасында

мынандай өзгерістер болады: құрамында кальцийдің мөлшері азайғандықтан сүйек қаттылық қасиетін жоғалтады. Сүйек жұмсақ және майысқақ болады. Соның салдарынан балалардың аяғының сүйектері майысып, бастарының мөлшері өсіп кетеді, қабырғалар жұмсарғандықтан баланың қарны шығып кетеді.

Ересек адамдарда «Д» витамині жетіспеушілігінен сүйектер деостеопороз (сүйектердің тез сынғыштығы) пайда болады. Мұндай адамдардың сүйектері тез сынғыш болады және сынса өте жай бітеді.

Сондықтан күн көзі ваннасын ережелерге сай қолданған дұрыс. Күн көзінің тікелей әсерін қабылдауға болмайтын адамдарға – емшек еметін балалар, кәрі адамдар, туберкулездің белсенді түрімен ауыратындар, жүрек – қантамыр ауыруымен ауыратындар жатады.

**А.КУЛМЕНОВ,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»ШЖҚ**  
**РМК Түркістан облысы**  
**бойынша филиалы Созақ**  
**аудандық бөлімшесінің**  
**бөлімше бастығы.**  
**Л.ҚОСДАУЛЕТОВА,**  
**санитариялық-гигиеналық**  
**зертханасының зертханашысы.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
**жауапкершілігі шектеулі**  
**серіктестігі**

Директор:  
**Абилпаттаев Ержан**  
**БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшының міндетін**  
**уақытша атқарушы:**  
**Нұрсұлтан Шертаев**  
**Редакция құрамы-**

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терімші-  
**Бағиала АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолаққорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

Н.Шертаев